



15-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Герменевтика және көркем мәтінді
түсіну





Герменевтика және көркем мәтінді түсіну

1. Герменевтика – түсіну теориясы
2. Түсіну және түсіндіру
3. Мәтінді түсінудегі тарихилық, топтық және жекелік
4. Герменевтика тарихының маңызды эпизодтары
5. Герменевтиканың әдіснамалық мүмкіндіктері
6. Герменевтикалық интерпретацияның қауіптілігі мен мүмкіндіктері

Құрметті тыңдаушылар, бүгінгі дәрісіміз өнер туындылары, яғни мәтіндік шығармалар арқылы берілген ақпаратты түсініп, түсіндіре білуді талдауға арналады. Бұл мәселе философия ғылымында герменевтика бағыты арқылы шешіледі. Қазақстандық философия ғылымының көрнекті өкілі, профессор Серік Мырзалы осы мәселені жан-жақты қарастырды. Ол бойынша, қазіргі заман тұрғысынан алғанда, герменевтика (гр.– *germeneon* түсіндіру, ұғындыру) – ол нақты шындықтың (болмыстың) әртүрлі нысандарын герменевтикалық амалдарды: герменевтика шеңбері, үйреншікті және ғылыми рефлексия, мәндеп түсіндіруді пайдалану жолымен түсіну туралы ғылым. Терминнің өзінің әртүрлі түсіндірмелері бар:

- кез келген: көркем, тарихи, философиялық, діни және басқадай шығармалар деп түсінілетін мәтіндерді түсіндіру өнері;
- теориялық мағынасында: ол – мағынаға жету техникасы туралы ілім (бұл терминді «өзге, бөтен даралыққа жету өнері» деп түсіндіру де кездеседі);
- гуманитарлық ғылымдардың қағидалары туралы ілім (бұл жерде енді онтологиялық және әлеуметтік-философиялық міндеттер әрекет етеді, яғни философиялық пәнге сілтеме жасалғаны байқалады).

Ерекше пән – түсіндірме (интерпретация) әдістері туралы ілім ретінде – герменевтика XVII ғасырдың ортасынан басталды деуге болады. Оның алғашқы құжаты деп Даннхаузердің 1654 жылғы әдейі герменевтикаға арналған трактатын санау қабылданған. Алайда XIX ғасыр басталғанға дейін герменевтика мәселесі ерекше пән саласы ретінде ажыратылмады, соған байланысты герменевтика басқа пәндердің (бәрінен бұрын теология мен филологияның) бір бөлігі болып қалып, көбінесе ғылыми-зерттеу мақсаттарында емес, дидактикалық мақсатта пайдаланылатын болды. Герменевтиканы ғылым ретінде негіздеу – неміс философы және протестант теолог Фридрих Шлейермахердің (1768-1834) еңбегі. Ол үшін, қандай мәтіндер туралы сөз болып отырғанына қарамастан, герменевтика – түсіндірудің жалпыға бірдей, ортақ теориясы, өйткені түсіндіру ережелері бірыңғай. Оның анықтамасы бойынша, герменевтика – ол мақсаты жазбаша құжаттарды түсіну мүмкіндігі шарттарын көрсетуден тұратын «түсіну ережелерінің өзара байланысы туралы» ілім.

Түсіндірме (интерпретация) әдістері туралы ілім ретінде – герменевтиканың кез-келген ғылым үшін маңызы жоғары, ал өзіндік сарыны бар өнер саласы аса қажетті ілім. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ханс-Георг Гадамердің еңбектері аударылып, көпшілікке жеткізілді. Бұл да осы ілімнің маңыздылығының бір көрінісі іспеттес. Гадамердің пайымдауы бойынша, «осы ұлы философтардың мәтіндерін түсінген кезде басқадай ешбір жолмен қол жеткізуге болмайтын ақиқаттың ашылатыны мойындауға тура келетін дерек; мұны тіпті қазіргі ғылымның өлшемі болып табылатын табанды зерттеу мен үздіксіз прогресс ауқымына қайшы келсе де мойындауға тура келеді. Өнер тәжірибесі туралы да осыны айтуға тура келеді. Мұнда өнертану жүргізетін ғылыми зерттеу өнермен өзара әсерлесудің тікелей тәжірибесін не өзімен алмастыра алмайтынын, не одан асып түсе алмайтынын ең басынан-ақ сезінеді. Өнер шығармасында еш басқа жолмен жетуге болмайтын ақиқаттың ашылатыны туралы дерек кез-келген рационалдандыруға қарамастан өзін бекемдейтін өнердің философиялық маңызы болып табылады. Сонымен, философияның тәжірибесімен қатар өнердің тәжірибесі ғылыми санаға өзінің өзіндік шекараларын мойындауына деген табанды үндеу болып табылады.

Сондықтан өнер шығармасы арқасында үйреншікті болып қалған ақиқаттың тәжірибесін ғылымда қалыптасқан ақиқат ұғымына сай тарылған және жұтанданған эстетикалық теориядан сақтандыруға ұмтыла келе, ұсынылып отырған зерттеулер эстетикалық сананы сынаудан бастайды. Алайда, олар өнер ақиқатын ақтауға аялдамайды. Өнер тәжірибесінде біз әдістемелі таным саласынан әлдеқайда асқақтаған ақиқаттарға кезігеміз; жалпы рух туралы ғылымдарға да қатынасты дәл солай деуге болады: бұл ғылымдарда біздің тарихи аңызымыз оның барлық формаларында зерттеу пәніне айналғанымен, алайда



сонымен бірге ол өзі өз ақиқатындағы дауысқа ие болады.

Герменевтикада мәтінді тануға қатысты екі түрлі көзқарас бар. Біріншісі – мәтінді әлеуметтік, мәдени-тарихи жағдайлардың ықпалынсыз, тек оның өзіне ғана сүйене отырып, түсіндіру қажеттігін қолдайды. Екінші жақтың ұстанымы бойынша герменевтика – ол философия. Мұнда мәтінді түсінуден, интерпретация жасаудан гөрі ол турасында ой толғау басым екендігін атап өтеді. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады, герменевтика – өткенді танып, түсіну үшін қажет, ал ол ақпарат болашақты айқындау жолы болып табылады да, өнерді талдау мен түсіну де өзінше ақиқатқа әкеледі. Демек, өнер үшін түсіну мен түсіндіру аса қажет.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы да герменевтика тәсілдеріне жүгініп, автор мен оқырман арасындағы күрделі қарым-қатынасты ашуға, жеке тұлғаның ішкі әлеміне, тылсым тереңіне үңілуге бағдар алғанын байқаймыз. Қазақстандық зерттеуші Темірғали Есембеков мәтін поэтикасын, оқырман мен автор байланысы мен түрлерін жан-жақты зерттеді. Қазақ философы Ғарифолла Есім «Хакім Абай» атты еңбегінде герменевтиканың негізгі ұстанымдарына сүйене отырып, ұлы ақынның шығармаларын жеке әдеби құбылыс ретінде ғана емес, оны тудырған тарихи кезең аясында, зор мәдени дәстүрлер контекстінде қарастырады. Ғалым герменевтикалық талдау арқылы Абай шығармаларын оның дүниетанымымен, этикалық, эстетикалық идеалдарымен сабақтастыра қарап, ақынның терең ойлы дана философ, гуманист екенін дәлелдеп шықты.

Герменевтикада түсіну ұғымы басты орын алады. Бұл орайда мәтінді интуитивті тану мен ондағы мағынаны пайымдау, түсіндіру аса маңызды. Сондықтан түсінудің басты шарты – интерпретация (зерделеу) болмақ.

Әдебиеттануда интерпретация көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, оның идеясын, концепциясын тану, түсіну, зерделеу болып табылады. Оның бірнеше түрлері бар:

1. Алғашқы, оқырмандық интерпретация адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді.

2. Ғылыми интерпретация. Әдебиеттанушы оқырман ретіндегі алғашқы әсерін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексереді.

3. Шығармашылық-образдық интерпретация әдеби шығарманы көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау т.т.).

Түсінудің кісіаралық сипаты басым. Көркем шығарма мен ондағы образдар жүйесі күрделі, көп қабатты, терең мағыналы болғандықтан әдебиеттанушы ғалымдар кейде бір туынды төңірегінде сан алуан, бір-біріне ұқсамайтын, тіпті бір-біріне қайшы келетін пікірлер, көзқарастар айтып жатады. Мұндай мәтіндер қызу таластың, ғылыми айтыстың нысанына айналады. Мәтінді талдау барысында зерттеушіге немесе оны қабылдаушы оқырманға байланысты ол өзгеріп, жаңа мағына-мән үстеуі мүмкін. Осыдан келіп, интерпретацияның (зерделеу) шығармашылық қуаты мен таңдамалы сипаты көрінеді.

Интерпретация теориясы мен тәжірибесіндегі басты мәселе – оның орынды, орнықты, шындыққа сай, яғни адекватты болуында. Ең алдымен шығарманың шынайы мәнін, терең қабаттарын түсіну үшін интерпретация жасалады. Автордың айтайын деген ойын дәл межелеп, мәтіннің мағынасын, тереңінде жатқан астарын дұрыс әрі орынды зерделеу мақсатында зерттеушілер кейде бірін-бірі сынап, қызу пікірталастарға барады. Интерпретацияның танымдық мақсатын талдаудың басқа түрлері – оның концепциясын айқындау немесе шығарманың көркемдік ерекшелігін анықтау, болмаса зерттеушінің ешкімге ұқсамайтын ерекше ойын, көзқарасын білдіруге ұмтылуы т.т алмастыра алмайды. «Интерпретация дегеніміз – өзінің түсінуі» деген қарапайым қағидаға ден қойсақ, мұндағы «өзінің түсінуі» – авторға қарама-қарсы, одан өзгеше түсіну деген сөз емес, керісінше шығарманың сырын ұғу мақсатында оны «өз жүрегіңнен өткізу» болмақ.

Интерпретация – көркемдік тұтастықты ғылымның тәсілдері арқылы тану. Интерпретация теориясында туындайтын негізгі сұрақтың бірі – теориялық тұрғыда оның дәлме-дәл, шынайы, яғни адекватты болуы мүмкін бе. Ол үшін сөз болатын нысан туралы объективті, дұрыс түсінік берілуі қажет. Мысалы, Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романы ХХ ғасыр басындағы кеңестік дәуірдің солақай саясатын (жаппай ашаршылықты, елге төнген нәубет пен асыра сілтеу науқанын) сынайды десек – ол рас, алайда ол жазушы туындысының көркемдік мазмұн ерекшелігін толық ашып бере алмайды. Мұндай «бас-аяғы күзелген» интерпретация салыстырмалы түрде дұрыс дегенмен де, дәл емес.

Осы бағыттағы басты қиындық шығарманың көркемдік мағынасын сөздік-ұғымдық (ғылыми) құралдар арқылы жеткізу барысында туады. Семиотика тұрғысынан келсек, мұндай экстралингвистикалық көшіру



үдерісі тұсында кей жағдайларда дәлсіздіктер де болады. Бұл дегеніңіз – адекватты интерпретациядан бас тарту емес, себебі шығарманы бір тілден екінші тілге көркем аудару кезінде де кейбір бұрмаланушылықтар орын алғанымен, біз одан бас тартпаймыз. Семиотикалық сипаттағы дәлсіздіктер шешуі рөл атқармайды. Өйткені дарынды интерпретатор мұндай бұрмаланушылыққа жол бермеуге тырысады, сондықтан олар болса да, қатты байқала бермейді. Екінші жағынан, ондай дәлсіздіктің сипатын ескере отырып, интерпретация жасауда реттеуге болады. Мысалы, ұғымдық ойлаудың көркемдік мағынаны қасандандырып жіберетінін ескеріп, шығарманың пафосына көп көңіл бөлу қажет, мәтінді пайымдау көбінесе көркемді идеяны «жадағайландырады», сондықтан кейбір нәзік тұстарды, қайшылықтарды да назардан тыс қалдырмау керек. Әрине, мұның барлығы шартты, соған қарамастан теориялық тұрғыда нақты интерпретация беруге ешқандай кедергінің жоқтығын айтуға болады.

Герменевтиканың ауқымдылығы, күрделілігі автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас мәселесінің күрделілігімен байланысты болса керек. Көркем шығарманы оқып, оны түсіну барысында автор мен оқырман арасында диалог жүреді. Өйткені жазушы шығармада өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан бейнелейді, ал оқырман ондағы оқиға мен кейіпкерлер әлемін өз биігінен, өзінің дүниетанымы тұрғысынан бағалайды.

Юрий Борев: «Шығарманың мағынасын терең түсіну үшін барлық әдіснамалық тәсілдерді жұмылдырып, логикалық-аналитикалық, сондай-ақ көркемдік мағынаны ұғынудың интуитивті тәсілдерін ұштастыра отырып пайдалану қажет» екендігін айта келе, бұл сұрақты айқындауда Герменевтиканы – түсіну теориясы ретінде сипаттаудан бастап, Түсіну және түсіндіру, Мәтінді түсінудегі тарихилық, топтық және жекелік мәселелерін, Герменевтика тарихының маңызды эпизодтарын, Герменевтиканың әдіснамалық мүмкіндіктерін, Герменевтикалық интерпретацияның қауіптілігі мен мүмкіндіктерін қарастырады. Енді осыларға тоқталып өтейік:

Түсіну және түсіндіруді ашып көрсету үшін, көркем коммуникация шығармашылық актіден, авторлық өзін-өзі танудан басталады және көркем мәтінді түсінумен аяқталады деп сипаттайды. Борев бойынша, интерпретация – мәтінді түсінудің негізі. Музыкант орындалатын симфонияны, әдеби сыншы – романды, аудармашы – түпнұсқа тілінде жазылған ойды, өнертанушы – суретті, математик – формуланы түсіндіреді. Түсіну – түсіндіру үдерісінің шығармашылық нәтижесі.

Мәтінді түсінудегі тарихилық, топтық және жекелік туралы сөз қозғайтын болсақ, туындыны түсіну тарихи жағдайларға, рецептілік топқа және даралыққа байланысты екендігі айтылады. Даралықтың өзі өзінің тарихы, жан дамуының әр түрлі кезеңдері мен жай-күйі бар, осының барлығы шығарманың оқу сипатына әсер етеді. Өртістер көп жыл ойнайтын бір рөлді, уақыт өткен сайын жаңаша, қырларын ашып өзгеше орындайды.

Зерттеуші герменевтика тарихының маңызды эпизодтары ретінде Ежелгі Греция, Орта ғасырлар, Қайта өрлеу дәуірі, Ағарту дәуірі, XIX ғасырды қамтитын тарихи кезеңдерді талдауды ұсынады.

Ал, герменевтиканың әдіснамалық мүмкіндіктері көркем мәтінді түсіндірудің құралдары, техникасы, операциялары герменевтика тәжірибесінен алынып, жалпыланған түрде 11 түрлі сипаттамамен ұсынылады.

Борев айтып өтетін тағы да бір мәселе – герменевтикалық интерпретацияның қауіптілігі мен мүмкіндіктері. Оның екі түрін қарастырады:

1) герменевтикада мағынаның салыстырмалылық өлшемі айқындалмаған және сыни талдау кейде мәтіннің бір интерпретациясын басқаларына қолдануға қиындайды. Көркем құбылыстардың мағынасын қабылдау кезінде субъективтілік өлшемін теориялық анықтау қажет.

2) герменевтика, шығарманы қабылдаудың көркемдік-мағыналық аспектілеріне назар аударып, оның бағасын елемейді. Герменевтика көркем феномендерді түсінуде әрдайым аксиологияны ескермейді. Аксиология – құндылықтардың жалпы теориясы-шығарманың көркемдік өлшемдерін береді.

Герменевтика ілімін жан-жақты қарастыру барыныснда мынадай қорытындыға келеміз:

Герменевтика

- 1) гуманитарлық ғылымдар ерекшелігін ескереді;
- 2) гуманитарлық ғылымдарды адам қызметінің мағынасын елемейтін сциентизм мен позитивизмнен қорғайды;
- 3) мәдениет мәтіндерін түсінудің жүйелі сипатына бағдарлайды;
- 4) түсіну тәсілдері мен ұстанымдарын жүйелейді;
- 5) шет тілді мәдениетті меңгеруге және аударманы герменевтикалық операция ретінде жүзеге асыруға көмектеседі.

Герменевтика тәжірибесі қазіргі заманғы көркем сын үшін маңызды, өйткені бұл түсіндіру туралы ілім:



Кітап: Эстетика

Дәріс: Герменевтика және көркем мәтінді түсіну

Дәріс авторы: Әлия Өмірбекова

- 1) авторлық тұлғаны мәтіннен кейін не көруге болады? қазіргі дәуір мәселелері? шығарманы тудырған тарихи дәуірдің шынайылығы? мәдени дәстүр? деген сынды сұрақтар қояды
- 2) интерпретация әдіснамасын береді;
- 3) мәдениеттің нақты-тарихи мазмұнын анықтауға бағыттайды;
- 4) сынды шығармаға эмпирикалық емес, тұтас, тұжырымдамалық-философиялық тәсілге бағыттайды;
- 5) мәтінді қазіргі мәдени өмірде қолдануға ықпал етеді.